

12. Ауыр және көлемді тіркесімдерді бұзу, жинау үшін оларды нық тұратын жағдайын жасап құрастырғыш құрылғыстарда жасалады. Бұрылатын құрастырғыш құрылғыстарда олар өз бетімен айналып, жылжып кетпеу үшін олардың бекітпе жабдықтарын тексеру қажет.

13. Тіркесімдерді бұзып жинау кезінде абай болып мертігуден сақтану керек. Мысалы күбішеге піспекті бұлғағымен салған кезде қолды жаралап алмау үшін бұлғақты піспектің жанынан немесе етегінен ұстауға болмайды.

14. Серпінді шиыршықты серіппелерді орнату және босатып алу кезінде олар үшін кенеттен созылып қалмай үшін арнаулы босатқыштарды қолданады. Қақпактың серіппелерін босатып алғанда құрылғының тұтқышына күрт боспайды.

15. Босатқымен жұмыс істеу алдында оның бөлшектерінде жарықтардың барын, бұралманың түзелігін, бұраманың бұрмаланып қалғанын, тазалығын, табаншанын, тіреулердің тартқыштардың бұтіндігін тексеру қажет.